

## Дүниежүзілік мұра объектілерін ілгерілетудегі мәдени туризмнің рөлі

У.Б. Жанахметова

<sup>1</sup>Туризм мамандығының 1 курс магистранты  
zhanakhmetovau@gmail.com

Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Мақалада мәдени туризмнің Дүниежүзілік мұра объектілеріндегі Қазақстан бойындағы Жібек жолы бойындағы қалалары мысалы ретінде дамытудағы маңызы қарастырылады. Бұл қалаларға талдау жасалып, мәдени туризмге қосқан үлестері анықталады.

Кілт-сөздер: Жібек жолы, тарихи-мәдени объектілер, мәдени туризм, инфрақұрылым.

Мәдени туризм бұл туристтердің әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді тану, зерттеу аясында саяхаттауы. Туризмнің бұл түрі тарихи-мәдени, археологиялық және архитектуралық ескерткіштерді, мұражайларды, фестивальдар мен өнер шараларын қамтиды. Мәдени туризмнің басты мақсаты басқа халықтар мәдениетіне терең үңіліп, оларды түсіну мен бағалау болып табылады.

Ежелгі сауда керуендері тоқтаусыз жүрген дәліздің бойында әлемге аты мәшһүр шаһарлар бой көтеріп, сауда-саттық дамытылды, талай тарихи және мәдени ескерткіштер салынып, өнеркәсіп өркендеді, коммуникация қанат жайып әрі туризмнің мәдени дамуына әкелді. Жібек жолы көптеген халықтың мәдениетін бір арнаға тоғыстырып қана қоймады, сонымен бірге олардың өздеріне ғана тән табиғи ерекшеліктерін анықтауда да маңызды қызмет атқарды. Қазақстан жерін мекендеген халықтар киіз үйді, ат әбзелдерін жасау өнерін, кілем тоқуды, күмістен көздің жауын алатын түрлі бұйымдарды соғуды, бай ауыз әдебиетін мұра етіп қалдырды. Осылайша, Жібек жолы тек сауда-саттық жолы болып қана қалмады, жер шарының әр қиырындағы халықтарды бір-бірімен жақындастырып, өркениеттер арасында дәнекер болды, адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосып, әлі күнге дейін өзекті болып келеді. Мысалы, Дүниежүзілік мұра объектілеріне 2014 жылғы енгізілген Қазақстандағы Жібек жолы бойындағы: Ақтөбе, Ақыртас, Қарамерген, Қойлық, Қостөбе, Құлан, Өрнек және Талғар қалашықтарын қарастыруға болады.

Ақтөбе (Баласағұн)

Қарахан мемлекетінің астанасы болған Ақтөбе қаласы мәдени туризмнің керемет нысаны. Бұл жерге келушілер ортағасырлық қаланың архитектурасын, тарихи маңызын зерттеп, сол кезеңнің өмір салтына үніледі. Ол аймақ археологиялық және тарихи туризмді дамыту үшін ерекше әлеуетке ие болып табылады.

Ақыртас

Ақыртас кешені өзінің архитектуралық ерекшеліктерімен және құпия тарихымен туристер мен тұрғындарды қызықтырады. Бұл нысан Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің мәдени мұрасы болып табылады. Оған келушілер ежелгі құрылыс технологияларының бірегей үлгілерін көріп, тарихи құндылықтардың мәнін түсінеді.

Қарамерген

Қарамергеннің қалдықтары ежелгі ауыл шаруашылығы мен ирригациялық жүйелердің дамығанын көрсетеді. Бұл жер туристер үшін сол уақыттағы өмір салтын түсінуге мүмкіндік береді. Қарамергенге сапарлар тарихи туризммен қатар, ауылдық экотуризм элементтерін қамтуы мүмкін.

Қойлық (Қиялық)

Қойлық қалашығы мәдени және діни алуан түрлілікті зерттеуге арналған ерекше орын. Мұнда буддизм, христиандық және ислам мәдениеттері қатар өмір сүрген. Қойлық туристер үшін діндер тарихы мен мәдени алмасуды зерттеудің тамаша орны болып табылады.

Қостөбе және Құлан

Бұл қалалар Жамбыл облысының сауда мен қолөнердің дамыған орталықтары ретінде танымал. Туристер бұл жерлерде табылған тарихи жәдігерлер арқылы сауда-саттық пен

экономикалық байланыстардың қалай дамығанын зерттей алады.

Өрнек және Талғар

Талғар қаласы Іле Алатауы баурайында орналасқан, табиғи аттрактивтілігі мен тарихи құндылығы туристерді өзіне шақырады. Осы қалалар Жібек жолының дамыған сауда торабы болғанын дәлелдейді. Туристер мұнда табиғат пен тарихты біріктіре отырып, ерекше тәжірибе ала алады.

Кесте 1

Жібек жолы қалаларының мәдени туризмге қосқан үлестері

Тарихи сананы қалыптастыру	Аталған нысандар қалаларға сапар шегу арқылы туристер өткен дәуірлердің мәдениеті мен өмір салты туралы білім алады. Бұл ұлттық сананың нығаюына және мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығын түсінуге ықпал етеді. Мәдени туризм тек мұра объектілерін ілгерілетумен шектелмейді, ол жергілікті қоғамдастықтарға да оң әсер етеді. Туристердің қызығушылығы арқасында жергілікті тұрғындар өз мәдениеттерін сақтауға және дамытуға ынталанады. Мәселен, қолөнер, дәстүрлі би, музыка және ұлттық тағамдар сияқты салалар жаңғырып, туристердің қызығушылығын арттыру арқылы қосымша табыс әкеледі
Туристік инфрақұрылымды дамыту	Жібек жолы бойындағы ескі қалаларды мәдени туризм нысаны ретінде дамыту аймақтағы инфрақұрылымның жақсаруына, жаңа жұмыс орындарының ашылуы мен жергілікті экономиканың артуына әкеледі. Мысалы, Талғар қаласы Жібек жолының маңызды бөлігі ретінде туристік инфрақұрылымның дамуына үлкен назар аударды. 2015 жылдан Талғар қаласында тарихи ескерткіштер мен археологиялық орындарды туристерге көрсету үшін жаңадан жолдар мен белгілеу жұмыстары жүргізілген болатын. Бұл шаһарда мәдени шаралар мен фестивальдар өткізуге арнайы алаңдар мен көрме орындары ашылды. 2020 жылы Талғардағы инфрақұрылымға қосымша инвестициялар енгізіліп, қонақүйлер мен туристік орталықтар пайда болды.
Халықаралық деңгейдегі танымалдық	ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енген бұл қалалар еліміздің мәдени және тарихи байлығын әлемге танытуға мүмкіндік беріп келеді. Олар арқылы шетелдік туристер Қазақстанның ежелгі тарихымен танысып, әртүрлі тақырыптық іс-шаралар мен мәдени алмасу үрдісіне қатысады. Бұл елдің халықаралық беделін арттырып қана қоймай басқа елдермен мәдени байланыстарды нығайтады. Мәселен, 2019 жыл – «Жібек жолы: тарихи және мәдени мұра» көрмесі Алматыдағы Қазақ ұлттық музейінде ұйымдастырылған көрмеде Жібек жолының мәдениеті мен тарихына арналған артефактілер көрсетілді. Бұл көрме Жібек жолы бойындағы көне қалалардың мәдени мұрасын халықаралық қауымдастыққа таныту мақсатында ұйымдастырылды. Бұл шараға археологтар, мәдениеттанушылар мен тарихшылар қатысты, ал оның нәтижесінде Жібек жолы бойындағы тарихи орындардың сақталуына және зерттелуіне арналған жобалар жасалды.
Е с к е р т у – ақпарат [1] автормен құрастырылған	

Жібек жолы бойындағы Ақтөбе, Ақыртас, Қарамерген, Қойлық, Қостөбе, Құлан, Өрнек және Талғар қалалары – мәдени туризмнің маңызды нысандары. Бұл ескерткіштер тек Қазақстанның тарихи байлығы ғана емес, бүкіл әлемдік мұраның ажырамас бөлігі болып табылады. Оларды мәдени туризмнің нысаны ретінде дамыту Қазақстанның туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, тарихи мұраларды сақтауға және оларды келер ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар елдің халықаралық деңгейдегі мәдени беделін арттырып, Жібек жолының маңыздылығын жаңғыртуға үлес қосады.

Қазақстандағы Жібек жолы бойындағы көне қалаларды дамытуға арналған бірнеше маңызды бағдарламалар мен жобалар бар:

1. «Жібек жолы» мәдени мұраларын қорғау және қалпына келтіру бағдарламасы: Бұл бағдарламада еліміздің Жібек жолы бойындағы тарихи ескерткіштерін сақтау және дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, Ақыртас, Құлан, Өрнек сияқты көне қалаларда археологиялық зерттеулер жүргізіліп, туристер үшін инфрақұрылым жасалып жатыр.

2. «Жібек жолы Меруерті» туристік пойызы: Алматыдан Түркістан, Ташкент, Самарқанд секілді қалаларға дейін жалғасатын арнайы туристік пойыз жобасы. Бұл бастама Жібек жолы бойындағы көне қалалардың мәдени мұрасын насихаттауға және аймақтық туризмді дамытуға негізделген.

3. ЮНЕСКО-ның «Жібек жолының ескерткіштері: Тянь-Шань дәлізі» жобасы: Қазақстанның бірқатар тарихи орындары, оның ішінде Ақтөбе, Құлан, Қостөбе, Өрнек секілді қалалар ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енгізілген. Бұл жоба осы нысандарды сақтау мен оларды әлемдік деңгейде танытуға бағытталған.

4. Түркістан — 2024 жылғы Түркі әлемінің туристік астанасы: Түркістанды мәдени туризмнің орталығына айналдыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан бұл бағдарлама Жібек жолы бойындағы қалаларды дамыту мен жаңғыртуға бағытталған. Бұл жобалар Қазақстанның мәдени туризмін дамыту мен Жібек жолы бойындағы тарихи ескерткіштерді әлемге таныту үшін маңызды құрал болып табылады.

Қалаларды дамыту мен қорғау жұмыстары біртұтас стратегиямен жүзеге асырылған жағдайда, олар халықаралық деңгейде танылып, Қазақстанның мәдени және тарихи беделін арттырады. Осылайша, Жібек жолы бойындағы көне қалалар мәдени туризмнің және ұлттық мұраны сақтау мен ілгерілетудің тамаша үлгісі саналады. Ұлы Жібек жолы бойындағы Ақтөбе, Ақыртас, Қарамерген, Қойлық, Қостөбе, Құлан, Өрнек және Талғар қалашықтары – мәдени туризмнің маңызды нысандары. Бұл ескерткіштер тек Қазақстанның тарихи байлығы ғана емес, бүкіл әлемдік мұранын ажырамас бөлігі болып табылады. Оларды мәдени туризмнің нысаны ретінде дамыту Қазақстанның туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, тарихи мұраларды сақтауға және оларды келер ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар елдің халықаралық деңгейдегі мәдени беделін арттырып, Жібек жолының маңыздылығын жаңғыртуға үлес қосады. Келешекте мәдени туризмді ілгерілетуде тұрақтылық қағидаларын сақтау, жергілікті қоғамдастықтарды тарту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту маңызды. Бұл шаралар Дүниежүзілік мұра объектілерінің сақталуына және олардың болашақ ұрпақ үшін қолжетімді болуына кепіл береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Электрондық ресурс. Кріу көзі., URL: <https://ehistory.kz/kz/amp/news/show/1682> (қаралым күні 30.11.2024).

## **Перспективы развития маркетинга в малых городах: цифровизация, локальные бренды и поддержка малого бизнеса**

М.М. Канат

магистрант 2-го обучения образовательной программы «Маркетинг»  
meiramgul\_m@mail.ru

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда

Аннотация: в статье рассматриваются перспективы развития маркетинга в малых городах, на примере города Сарань в условиях цифровизации и глобализации. Особое внимание уделено возможностям, которые открывают современные технологии и международная интеграция для локального бизнеса, а также формированию уникального бренда города. Рассмотрены направления использования социальных сетей, электронной коммерции, аналитики данных и локальных цифровых платформ для продвижения товаров и услуг. Также